

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 шілде N 1064

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов атындағы ауданының Каменка селосында 1992 жылы болған жер сілкінісінен зардап шеккен орта мектепті қалпына келтіру және оның сейсмикалық тұрақтылығын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен Жамбыл облысының әкіміне Каменка селосындағы мектеп ғимаратын қалпына келтіру жұмыстарын орындау және сейсмикалық тұрақтылығын күшейтуді аяқтау үшін 20 (жиырма) миллион теңге бөлінсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.27. N 1900 қаулысымен.

P001900_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Жамбыл облысының әкімі 2000 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне орындалған жұмыстардың көлемдері мен құны туралы есеп ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК